

Дәріс №10

Жер қатынастарын реттеу мен жер ресурстарын басқаруды

жетілдіру жолдары

Алматы - 2025 жыл

Дәріскер: Токбергенова А.А.



Дәріс жоспары

1. Құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру
2. Босалқы жерлерді ерекше қорғалатын жерлерге ауыстыру (Бурабай мысалында)
3. Орман қоры жер санатын өзгерту(Жамбыл облысы)
4. Орман қоры жерін жекелеген учаскелерге беру (Түркістан облысы)
5. Жетілдірудің мәселелері мен бағыттары

Дәріс мақсаты


Жер ресурстарын басқару мен жер қатынастарын мемлекеттік реттеу бойынша терең түсініктеме беру. Жер заңдарында ағымдағы жыл бойынша енгізілген түзетулер. Жер санаттары бойынша ҚР-да заңмен бекітілген өзгерістер туралы студенттерге зерттеу материалдарын ұсыну.



ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫН РЕТТЕУДІ ЖӘНЕ ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУДЫ **ҚҰҚЫҚТЫҚ** **ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ЖЕТІЛДІРУ**



Құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру үшін Қазақстан Республикасының кейбірзаңнамалық актілеріне *өзгерістер мен толықтырулар негізілді*. Міне олардың негізгілері:



1. Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 27 ақпандағы № 65-VIII ҚРЗ Заңы
1-бап.

1. *Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:*

2) 16-баптың 1-тармағында:

"5-3) жайылымдардың тозуымен және шөлейттенуімен күрес жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеп, бекіту;

5-4) жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеп, бекіту;"




ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫН РЕТТЕУДІ ЖӘНЕ ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУДЫ **ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ЖЕТІЛДІРУ**

3) 17-бапта:

"8-4) жайылымдық
инфрақұрылым объектілерін дамыту
және **реконструкциялау жөніндегі
жоспарларды іске асыру;**

8-6) **жайылымдарды суландыру
жөніндегі іс-шаралар жоспарларын
іске асыру;"**



2.«**Босалқы жерлерді** ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жеріне ауыстырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 16 наурыздағы № 192 қаулысы.

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес **Ақмола облысы Бурабай ауданы аумағындағы жалпы ауданы 185,88 гектар жер учаскесі** "Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Бурабай" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – мекеме) тұрақты пайдалануға берілсін.



**"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Бурабай"
мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік
мекемесіне тұрақты пайдалануға берілетін жерлердің экспликациясы**


Атауы	Жалпы ауданы, гектар
Ақмола облысы Бурабай ауданынның босалқы жерлері	185.88

3. «**Орман қоры** жерлерінің жекелеген учаскелерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 593 қаулысы.




1. "Жамбыл облысының әкімдігі ТР және ТПР басқармасының Меркі ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орман қоры жерлерінен **жалпы ауданы 7,0094 гектар жер учаскесі өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына** ауыстырылсын.

Орман қоры жерлері санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылатын жерлердің экспликациясы **(диаграмма түрінде)**



4. «**Орман қоры жерлерінің жекелеген учаскелерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру** туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 594 қаулысы.

орман қоры жерлері санатынан жалпы ауданы **57,5559 гектар** жер учаскелері өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылсын.




Орман қоры жерлері санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылатын жер учаскелерінің экспликациясы




Жалпы ауданы: 57,5559 га
Орман көмкерген: 10,5082 га
Орман көмкермеген: 10,9466 га
Жайылым: 6,6463 га
Жолдар: 29,4548 га

5. «Қызылорда және Ұлытау облыстарының арасындағы жер қатынастарын реттеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 1 тамыздағы №622 қаулысы

Ұлытау облысы Ұлытау ауданының аумағындағы жалпы ауданы 2210,9 мың гектар жерді Қызылорда облысының ұзақ мерзімді пайдалану мерзімін 2050 жылға дейін ұзарту туралы ұсыныстарына келісім берілсін.




Ұлытау облысы Ұлытау ауданының аумағындағы Қызылорда облысы ұзақ мерзімді пайдалануы **2050** **жылға дейін ұзартылатын жерлердің экспликациясы**



ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ **МӘСЕЛЕЛЕРІ** **МЕН** **НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

Жер ресурстарын басқару саласындағы дамудың негізгі бағыттарының бірі 2023 жылдың маусым айында іске қосылған «Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры» ақпараттық жүйесін (ЖМБМК АЖ) енгізу болды.







Мемлекеттік қызмет түрлері және олардың үлесі.

Жалпы қызмет саны - 17


ЦДИАӨМ деректеріне сәйкес, *2023 жылғы 9 қазан мен 2024 жылғы 9 тамыз аралығында 57 416 онлайн-өтініш берілді,* олардың *10 117-сі жер учаскесін беру туралы* шарттар жасасумен аяқталды, бірақ тек *1 079 өтініш толық құқықтарды онлайн-тіркеуден өтті.*




Бұдан басқа, жер
учаскесін беру
туралы шешім
әкімдіктің
қаулысымен
жойылған
жағдайларда оны
жобалау қабатынан
шығару тетігі жоқ.



Бас жоспарлардың
44%-ы пысықтауды
талап етті, егжей-
тегжейлі жоспарлау
жобаларының 74%-ы
толық емес немесе
өзекті емес болып
шықты.



Бұдан басқа,
жүйенің жұмысын
жетілдіру бойынша
2025 жылға
арналған бірлескен
іс-шаралар
жоспары әзірленді.



Қорытынды



Қорытындылай келе, жер қатынастарын тиімді реттеу мен жер ресурстарын ұтымды басқару — еліміздің экономикалық тұрақтылығы мен экологиялық қауіпсіздігінің негізі болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстанда жер заңнамасы мен кадастрлық жүйе кезең-кезеңімен жаңартылып, жер мониторингі мен бақылау тетіктері жетілдірілуде. Дегенмен, жерді пайдалану тиімділігін арттыру, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің айналымын оңтайландыру, жерге иелік ету мәдениетін қалыптастыру сынды бағыттарда әлі де кешенді реформаларды жалғастыру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Land Code of the Republic of Kazakhstan
2. FAO — Voluntary Guidelines on the Responsible Governance of Tenure (VGGT)
3. Жер қатынастарын әкімшілік-құқықтық реттеу жайлы
мақалалар / ресми ғылыми материалдар



**Назарларыңызға
рақмет!**

Санада

